



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

Номиналы 1 000 теңгелік мерейтойлық банкнотаны айналымға шығару туралы

Астана қаласы

2025 жыл, 8 мамыр

Қазақстан Ұлттық Банкі (бұдан әрі – ҚҰБ) 2025 жылғы 9 мамырда Ұлы Жеңістің 80 жылдығына арнап **номиналы 1 000 теңгелік мерейтойлық банкнотаны айналымға шығарады**. Банкноталардың таралымы 5 миллион данамен шектелген.

9 мамыр – бүкіл әлем үшін айтулы күн. Қазақстан Жеңіске қомақты үлес қосты. Республикадан 1,2 миллионға жуық адам жұмылдырылды, бұл сол кездегі жалпы халықтың шамамен – 20%-ы. Отандастарымыз жаяу әскерде, танк бөлімшелерінде, авиация мен флотта ерлікпен шайқасты. **Қаһарман отандастарымыздың ерлігіне құрмет таныту үшін** Ұлттық Банк ұлттық валютада мерейтойлық банкнотаны айналымға шығарғалы отыр.



Мерейтойлық банкнотаның дизайны туралы

Банкноталардың түсі – қоңыр-сарғылт.

Алдыңғы бетінде:

– **Даңқ мемориалы** бейнеленген, Отан үшін жан қиған батырларға көрсетілген құрмет белгісі – 28 гвардияшы-панфиловшылар атындағы саябақта орналасқан.

- **Микро-оптикалық қорғаныс жолағы.** Банкнота бұрышын өзгерткен кезде жолақта тереңдіктің, көлемнің және жылтырдың үш өлшемді әсері, сондай-ақ **мәңгілік алау мен ұшып бара жатқан тырналар** көрінеді. Тырналар силуэті – жақсылық пен үміттің бейнесі – өмірді суреттейді.

Екінші бетінде:

- тарихи мұрағаттық фотосуреттердің үзінділерімен **Қазақстан картасы** бейнеленген. Суреттерді www.kfdz.kz Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Архив, құжаттама және кітап комитетінің «Орталық мемлекеттік кино-фото құжаттар және дыбыс жазбалары архиві» РММ ұсынды.

- ерлік, табандылық пен батырлықтың символы ретінде **Отан соғысы ордені** бейнеленген.

Номиналы 1 000 теңгелік мерейтойлық банкнота өз құнына сай Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында төлемнің барлық түрі бойынша қабылдануға жатады. Сондай-ақ банктік шотқа салуға, Қазақстан Республикасының барлық банкінде аударуға және ұсақталуға міндетті.

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон арқылы ала алады:

8 (7172) 77–52–10

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz